

«Әлемнің ғажайып үш тірегі» тақырыбында жаратылыстану
бағытындағы пәндер бірлестігінің магниттік мектептерге арналған
семинар

«Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін мектебі» КММ жұмыс жоспарына сәйкес, 2024 жылдың 15 - 24 қаңтары аралығында «Әлемнің ғажайып үш тірегі» тақырыбында жаратылыстану бағытындағы */Физика, математика, информатика/* пәндер бірлестігінің онкүндігі өтуде. Аталған онкүндік аясында тірек мектептеріне арналған семинар өткізілді. «Әлемнің ғажайып үш тірегі» тақырыбында жаратылыстану бағытындағы */Физика, математика, информатика/* пәндер бірлестігінің магниттік мектептерге арналған семинардың іс-шарасыда жоспарланған сабақтар жоғары деңгейде өткізілді. Аталған семинар 2024 жылдың 24 - қаңтар күні өткізілді. Семинарға Қараторғай, Қайыңды, Екідін ауылынан Сарыөзен мектептерінен ұстаздарды семинарға шақыртқан болатынбыз. Семинарға келген ұстаздар Сарыторғай ауылындағы Б.Майлин атындағы негізгі білім беретін мектептен физика пәнінің мұғалімі Сұлтанбек Бақыткүл Қуанышқызы, математика пәнінің мұғалімі Рахметов Ғабдилказиз, информатика пәнінің мұғалімі Шаяхметова Әсемгүл Абаевна. Қайыңды негізгі білім беретін мектебінен педагог-психолог Әлібек Кенжеболат Әлібекұлы. Қараторғай негізгі білім беретін мектебінен математика пәнінің мұғалімі Исмайлова Жаңагүл Зейноллақызы, Сарыөзен негізгі білім беретін мектебінен математика пәнінің мұғалімі Ғалымханов Сәулет Теміржанұлы келді. Семинарда «Арқалық қаласының білім бөлімі» ММ әдіскері – Бекмағанбетова Аяғоз Тулеухановна келген қонақтарға құттықтау сөз сөйледі. Семинардың іс-шарасы жоспар бойынша жоғары деңгейде өткізілді. Семинарға магниттік мектептердің ұстаздары қатысты. Семинар барысында бірлестік мұғалімдері берген сабақтары жоғары деңгейде өтіп, қалалық білім бөлімінің арнайы сертификаттары табыс етілді.





